



Құрметті Майдан Қабатаұлы!

Сізді Политехникалық институт ұжымы атынан мерейлі
80 жасыңызбен құттықтаймын!



Сіз – көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз әрі Жәңгір хан университетінің мақтанышына айналған тұлғасыз. Сіз университетімізде жарты ғасырдан астам уақыт еселі еңбек етіп, жоғары кәсіби мамандар даярлауға сүбелі үлес қостыңыз. Сізден тәлім-тәрбие алған, өзіңіз білім берген шәкірттеріңіз бүгінде еліміздің әр өңірінде, тіпті алыс-жақын шет мемлекеттерде жемісті еңбек етіп жүр. Бірқатары еліміздің білім-ғылым саласын дамытуға атсалысып, үлкен жетістіктерге жетті. Біздің әріптестеріміздің қатарында да сіздің ізбасарларыңыз жетерлік.

Сіз еңбек жолыңызда Жәңгір хан университетінде ассистент қызметінен бастап, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет проректоры болып жұмыс жасап, кемел біліміңіз бен бай тәжірибеңізді іргелі білім ордасын өркендетуге жұмсадыңыз.

Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге бақ-береке тілеймін. Қашанда биік парасатыңызбен, тұлғалық болмысыңызбен әріптестеріңіздің ықыласына бөлене беріңіз. Адал еңбегіңіздің арқасында жеткен қадір-құрметіңіз бен жетістіктеріңіз баянды болсын!

**Құрметпен,
институт директоры, техника
ғылымдарының кандидаты
Жанна Қайыржанқызы Кубашева**

АВТОБИОГРАФИЯ

Бралиев Майдан Кабатаевич родился 10 июля 1943 года в поселке Фурманово Фурмановского района Западно-Казахстанской области в семье партийного работника. Среднюю школу закончил в поселке Пятимар Фурмановского района в 1961 году. В 1961- 1963 годах обучался на мехфаке Саратовского института механизации сельского хозяйства им. М.И.Калинина. В 1963-1966 годах служил в группе Советских войск в Германии (ГСВГ). С 1966 по 1969 годы продолжил обучение в СИМСХ и получил квалификацию инженера-механика сельскохозяйственного производства.

1966-1971 годах работал главным инженером в Фурмановском овцеводческом совхозе Фурмановского района ЗКО и инженером-контролером в Уральском ремонтном заводе им. В.И. Ленина.

1971-1977 годах работал ассистентом на кафедре «Механизации животноводства» мехфака Западно-Казахстанского СХИ.

1977-1980 годах обучался в ас-

пирантуре Центрального научно-исследовательского института механизации и электрификации сельского хозяйства Нечерноземной зоны СССР в Беларуси (г.Минск)

С 1980 по 1997 год работал старшим преподавателем, доцентом и профессором кафедры «Механизации животноводства» Западно-Казахстанского СХИ.

В 1993 году решением ВАК РК ему было присвоено ученое звание доцента механизации и электрификации сельского хозяйства, а в 1997 году решением Совета университета присуждено академическое звание профессора университета.

В 1997 году решением Ученого совета университета был назначен заведующим вновь организованной кафедры «Технический сервис машин».

В 2003 году М.К.Бралиев был назначен деканом факультета нефти и газа, а с 2005 по 2006 год работал первым деканом вновь организованного машиностроительного факультета Западно-Казахстанского аграрно-технического университета.

После выхода на пенсию в 2006 году был назначен проректором АХЧ ЗКАТУ имени Жангир хана и проработал на этой должности до августа 2009 года и одновременно замещал должность заведующего кафедрой «Нефтегазовое дело» машиностроительного факультета.

С 2009 года по 2018 год М.К.Бралиев работал заведующим кафедрой которая называлась вначале «Механизированные технологии и землеустройство», затем «Технологии и средства механизации сельского хозяйства», которая была переименована позднее в «Использование машин и аграрные технологии».

М.К.Бралиев автор 223 научно-методических разработок, в том числе десяти авторских свидетельств и патентов; 67 публикаций в отечественных изданиях; 11 публикаций в зарубежных изданиях; 47 публикаций в трудах международных конференций; перечень учебников, учебных пособий и методических разработок составляет 65

наименований; 10 депонированных рукописей.

М.К.Бралиев примерный семьянин, воспитавший трех дочерей ныне окружен любовью детей и внуков.

Труд М.К.Бралиева оценен следующими наградами:

- медалью «20 лет Победы в Великой Отечественной войне» в 1965 году Министерством обороны СССР;

- нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки РК» в 2003 году Министерством образования и науки Республики Казахстан;

- в 2008 году нагрудным знаком «Ветеран ЗКАТУ имени Жангир хана»;

- нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан» в 2010 году Министерством образования и науки Республики Казахстан;

- имеет почетные грамоты министра образования и науки РК и акимов Западно-Казахстанской области;

- Медаль к 50-летию ЗКАТУ имени Жангир хана.

Еңбекпен өрілген өнегелі өмір

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жібектей сусыған өмірде кейде жанында жүрген жайдары жандардың игі істерін де елемей жататынымыз рас. Өнегелі адамдарды ардақтап, олардың қабілеттері мен дарындарын ұрпаққа үлгі етіп отыратын халқымыз «жанында жүр жақсы адам» деп көкірегі ояу, рухы биік, жүрегі таза тұлғаларды қашанда қолдап, мерейін арттырып отыруға игі ықпал еткен.

Осындай жаны жайсаң, көңілі ашық, білім саласында аянбай еңбек етіп, ерекше сымбатымен, білімімен өз мәртебесін асқақтатып жүрген, ортасына сыйлы, мейірімді де қайырымды жан – Бралиев Майдан Қабатаұлы, міне, 80 жастың сеңгіріне көтеріліп отыр. Майдан Қабатаұлының 80 жылдық ғұмырнамасы – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 60 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

1980-1997 жылдары сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында «Мал шаруашылығын механикаландыру» кафедрасының аға оқытушысы, доценті және профессоры болып жұмыс жасаған жылдары Майдан Қабатаұлы тікбұрышты пішінді бума ұсақтағыштың параметрлерін зерттеумен және анықтаумен, шоғырланған жем-шөптің жегу таратқышының технологиялық параметрлерін құрумен, анықтаумен және негіздеумен айналысты. Бұл жұмыстардың нәтижелері авторлық куәлік түрінде рәсімделді, оқу құралдарында көрініс тапты және мал шаруашылығын механикаландыру курсы оқытуда оқу үдерісінде пайдаланылды.

2003 жылы М.Бралиев «Мұнай және газ» факультетінің деканы болып тағайындалды, ал 2005-2006 жылдары Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жаңадан ұйымдастырылған «Машина жасау» факультетінің бірінші деканы болып тағайындалды. Ол әріптестерімен осы кезеңде машина жасау және мұнай мамандықтары бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және құру, Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінде және Саратов мемлекеттік техникалық университетінде кадрларды іріктеу және оқыту, осы мамандықтар бойынша жаңа зертханалар құру және жабдықтау бойынша көптеген жұмыстар атқарды.

2006 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін М.Бралиев Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің проректоры болып тағайындалып, 2009 жылдың тамызына дейін осы қызметте істеді. Сонымен бірге «Машина жасау» факультетінің «Мұнай-газ ісі» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде апатты жағдайда болған университеттің инженерлік желілерінің мүмкіндіктері қалпына келтірілді және кеңейтілді: сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз, үш автономды газ қазандығы салынып, пайдалануға берілді. Апатты жағдайдағы университеттің жетекшілері мен техникалық үй-жайлары қалпына келтірілді, оның басшылығымен университеттің инфрақұрылымы айтарлықтай өзгерді: «Машина жасау» факультетінің оқу корпусы, әкімшілік корпусының ғимараты, профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлеріне арналған 72 пәтерлі тұрғын үй, автономды қазандықтар корпусы салынып, пайдалануға берілді, университет аумағы абаттандырылды.



2009-2018 жылдары Майдан Қабатаұлы кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді, ол алдымен «Механикаландырылған технологиялар және жерге орналастыру», содан кейін «Ауыл шаруашылығын механикаландыру технологиялары мен құралдары» деп аталды, кейінірек «Машиналарды пайдалану және аграрлық технологиялар» болып өзгертілді. Осы жылдары ғалым-ұстаз әріптестерімен бірге шоғырланған тамыр-түйнек дақылдарының ұсақтағыш-араластырғыштарының параметрлерін зерттеумен және негіздеумен, сондай-ақ бонитирлеу жұмыстарын жүргізу, жасанды ұрықтандыру және тұқым алу үшін ұсақ малға арналған мойын бекіткіші бар қондырғылардың технологиялық және конструктивтік параметрлерін зерттеумен айналысты. Эксперименттік қондырғылар екі патентті іске асыру негізінде Орал механикалық зауытында дайындалып, БҚО фермерлік шаруашылықтарына енгізілді. Зерттеу нәтижелері Ресей мен Белоруссиядағы әріптестерімен бірге шығарылған «Мал шаруашылығын техникалық қамтамасыз ету» оқулығына енгізілді, ол агроинженерия және аграрлық техника, бакалавриат пен магистратура технологиясы мамандығы бойынша негізгі оқулық болып табылады. Осы кезеңде кафедраның жас оқытушылары М.Қ.Бралиевтің қолдауымен Мәскеудің, Саратовтың, Волгоградтың, Тамбовтың және Мичуринскінің (А.Е.Сәрсенов, К.К.Окас, С.Г.Хайруллина, А.Н.Омаров, Б.Ж.Есмагулова, Ж.Туртбаева, Н.К.Үмбетқалиев, Ж.Тасанова және т.б.) жетекші жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді. Олар университеттің жоғары мектептерінде жемісті жұмыс істейді.

«Майдан Қабатаұлы – күш-жігері мықты, қатты талап қоя білетін, өзіндік мектебін қалыптастырған, білікті, мақтан тұтатын ұстазымыз, көрнекті ғалым. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұстазымың алдына қойған мақсаты айқын, ісіне сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтын, бойынан байқағыштық, төзімділік, өз ісіне деген ерекше ілтипат пен мықты сенімділік төгіліп тұрады. Ұстаздық етіп, жалықпай көмек көрсеткен Майдан Қабатаұлына алғысым шексіз! Біліктілігің бен іскерлігіңді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңді қосып келесіз. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдарлы көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілеймін. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын!» деп

шәкірті, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ұстазы, техника ғылымдарының кандидаты Қожаберген Қажымұлы Оқас ақжарма тілегін білдіреді.

«Майдан Қабатаұлы бакалавр кезінен ұстазым болып, магистратурада ғылыми жетекші болған. Барлық топтың есінде қалатын, студенттерге бар ықыласымен білгенін жеткізуге дайын тұратын өнегелі ұстаз. Тек білім беріп қоймай, тәрбие мен адамгершілік қасиеттерге баулитын ұстаз. Майдан Қабатаұлы – өте еңбеккер, талапшыл, көздеген мақсатына үнемі жетуге тырысатын, жоспар бойынша жүретін тұлға. «Бүгін бітіретін жұмысыңды ертеңге қалдырма» деп ақыл-кеңесін айтудан жалықпайтын. Бір ғажап қасиеті – шәкірттерін бөлмейді, тең көреді. Әрқайсысымен әртүрлі дайындық жасайды. Ұстазым салған сара жол мені тура жолдан ешқашан адастырған емес. Сабақ барысында айтқан әңгімелерін, үйреткендерін қазір өз шәкірттеріме мақтанып айтып отырамын. Майдан Қабатаұлындай қазыналы ұстаз болу – кез келген шәкірттің арманы. Ал алдынан сабақ алып, шәкірті атанудың өзі – үлкен бақыт. Көпті көрген дана халқымыздың «Шәкірт жеңісі – ұстаз жемісі» деп айтуы бекер емес дегім келеді. Ардақты ұстазым мерейлі 80 жасқа аяқ басты. Майдан Қабатаұлы, сізге зор денсаулық, еңбегіңізге таусылмас табыстар, отбасыңызға ырыс-құт тілеймін. Мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!» деп тілек білдіреді шәкірті әрі әріптесі, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың магистр оқытушысы Дана Арманқызы Махсотқалиева.

Ғалым-ұстаз 223-тен астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде отандық басылымдарда – 66, сондай-ақ КОКСОН мақалалары – 17, шетел басылымдарында – 15, халықаралық конференция материалдарында – 53 еңбегі жарық көрген. 65 оқулық пен оқу құралының, сонымен қатар 10 патент пен авторлық куәліктің авторы.

«Біздің буынды өмір еркелетпеді, ерте есейдік. Мен дүниеге келерден екі ай бұрын әкем соғысқа аттанды, Курск маңындағы жойқын шайқаста мерт болса керек, із-түссіз жоғалып кетті деген қағаз келді. Анам Қырмызы ісмер, тігінші болатын, колхозда ер адамдардай еңбек етіп, қиыншылықтарға мойымай, апам екеуімізді адам қатарына қосты, білім берді, тәрбиеледі» деп тебірене еске алады кейіпкеріміз.

«Ұстараның өткір болмағы – қайрағынан» деп, тегін айтылмаса керек. Анасы Қырмызы ақылдың азбайтынын, білімнің тозбайтынын, өнер қуып, ғылым жолына түскеннің қол жетпесі жоқтығын ұлы Майданға ұғындыра білген. Қазақ «Малым – жанымның садағасы, жаным

– арымның садағасы» деп өмір кешеді. Кейіпкеріміз талай қиын сәттерді бастан өткерген. Адалдық пен іскерлік, ақыл мен парасат өміріне серік болған жан.

Құрметті Майдан Қабатаұлы, жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік белесі – кемел жасқа жеткізді. Сексен жас – бұл кәсіби және адами тәжірибенің әдемі үйлесім тапқан кезеңі. Бұл жылдар Сіздің ғылыми және қоғамдық еңбегіңіздің кемеліне келген кезең болды. Осы кемел жасқа Сіз тың жігермен, жарқын көңілмен жетіп отырсыз. Сіз ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым ретінде көптеген жетістіктерге қол жеткіздіңіз. Сіздің іргелі ғылыми еңбектеріңіздің қазіргі уақытта қарышты дамып келе жатқан еліміздің бүгінгі мен ертеңіне қосатын үлесі мол. Өмірден мол тәжірибе жинақтап, ғылым мен білімді дамытуға, қоғамдағы болашақ жас ғалымдарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп, ұстаз, ақылшы болып келесіз.

Майдан Қабатаұлының еңбекқорлығы, табандылығы, қайсарлығы, берік азаматтық ұстанымы, қай істі қолға алса да, адамдық пен адалдықты бәрінен биік қоя білген парасаттылығы – қасында жүрген жандар үшін ғұмыр бойы жойылмайтын үлкен мектеп болды. Майдан Қабатаұлы туралы жылы ілтипат айту – мен үшін үлкен мақтаныш. Адам өзін бақытты сезіну үшін үш нәрсе болу керек: бірінші – жаныңа ұнайтын, қуаныш әкелетін, сүйікті, күнделікті еңбегің, екінші – сені әрдайым түсіне білетін, сыйлайтын, құрметтейтін өмірлік жарың, үшінші – қуанышың мен қиындығыңды түсіне, бөлісе білетін, сырынды ұғатын сенімді достарың. Майдан Қабатаұлында осы үш ұлы нәрсенің бәрі де бар. Майдан Қабатаұлы – өз тағдырын өзі жасаған, өз тұғырын өзі тұрғызған, өз тұлғасын өзі сомдаған азамат. Зейнеткерлік демалысқа шықса да қатардан қалмай, жоғары білімді мамандар даярлауға өз үлесін қосып келеді. М.Бралиевтің ғалым, ұлағатты ұстаз, тәлімгер болып қалыптасуына негіз болған – оның адами болмысы, адамгершілік қасиеттері. Дархан талантына қоса зеректігі, ұқыптылығы, парасаттылығы, зиялылығы. Ойға мырза, іске ұста, жаны жайсаң, болмысы жарқын азамат. Әр мәселеге өзінің алғыр ойымен, тани білу талантымен және шығармашылық көзқарасымен қарайтын, заман талабын, уақыт өлшемін түсіне білетін азамат.

Өмір – тау жолындай бұлтарысы, бұралаң асуы көп қиын жол. Сол жолды абыроймен, ақыл-парасаттылықпен, адамгершілікпен, табанды еңбекпен жүріп келе жатқан Майдан Қабатаұлы бүгінгі өзінің 80-ге толған жасында өмірлік жары Сәулемен үш қыз тәрбиелеп өсіріп, солардан жиендер сүйіп, қызықты ғұмыр кешуде. Өзінің жан жары, өмірлік қосағы Сәуле апайымызбен өмірдің ащы-тұщысын бірге татып, саналы ғұмыр кешіп келе жатқандығына ел куә, артындағы жеткіншек ұрпақ куә. Майдан ағамыз секілді ортамызда жүрген қазыналы қария, абыз ақсақалдарымыздың өмір жасы ұзақ болмай. Алла тағаланың бір адамға берген бақыт-сыйы осындай болсын, қадірлі Майдан Қабатаұлының мерейлі 80 жасы құтты болсын, отбасына береке-бірлік, зор денсаулық, баянды өмір жалғастығын тілеймін. Жасаған ием бойыңызға қуат, жаныңызға шуақ сыйласын!

Қазыбай БОЗЫМОВ,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың
құрметті ректоры,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы, профессор

С благодарностью Майдану Кабатаевичу

Уважаемый Майдан Кабатаевич, широко известна Ваша деятельность на благо образования и воспитания специалистов сельского хозяйства в Республике Казахстан и в России.

Не одна сотня Ваших учеников плодотворно трудятся во многих регионах Казахстана и не только там. Многие из них вносят вклад в развитие экономики России и других стран. Везде они показывают пример ответственного отношения к порученному делу, высококачественного его исполнения, творческого подхода к сложным проблемам. Эти качества воспитаны в них Вашим примером, Вашей личной творческой работой и при организации новых кафедр, работой в качестве декана сложнейшего факультета нефти и газа, проректора университета. Вы успевали активно работать не только на административных должностях, но и науч-



ной работой, внедрением результатов на производстве, большой публикационной работой. Широко известны Ваши науч-

но-методические разработки, патенты на новые машины и установки, авторские свидетельства.

Особенно большой Ваш талант проявлялся при подготовке кадров высшей квалификации. По Вашей инициативе молодые преподаватели направлялись на обучение во многие города России, а в Тамбовской области практически открыт филиал Вашего университета по подготовке кандидатов и докторов наук.

Искренне поздравляем с юбилеем и желаем Вам здоровья, творческого долголетия, счастливой семейной жизни, верных друзей и надеемся на нашу дальнейшую совместную работу и взаимопонимания.

Анатолий ЗАВРАЖНОВ,
академик РАН РФ,
главный научный сотрудник ФГБОУ
ВО Мичуринского ГАУ
Сергей ВЕДИЩЕВ,
доктор технических наук,
профессор, зав.каф «Агроинженерия»
Тамбовского государственного
технического университета

Ардақты ұстаз, қадірлі әріптес

Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңзарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Әл-Фараби

Қоғамның дамуы өндіріс салаларына техниканың және технологиялардың алдыңғы қатарлы жаңалықтарын енгізуге тығыз байланысты. Осылардың бәрі – еңбек майталмандарының жұмыстарының нәтижелері болып табылады. Білім беруде, жоғары білімді мамандар дайындауда және ауыл шаруашылығында ғылыми зерттеулер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жеткен азаматтардың бірі – 80 жасқа толу мерейтойын атап өткелі отырған Майдан Кабатаұлы Бралиев.

Ол Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Фурманов ауданының Фурманов ауылында орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін Ресейдің белгілі М.И.Калинин атындағы Саратов ауыл шаруашылығын механикаландыру институтын тәмамдап, инженер-механик мамандығын алды. Ресейге өз бетімен барып оқуы – оның білімге деген құштарлығын, батырлығын және өзіне деген сенімділігін білдіреді. Кеңес әскері қатарында әскери борышын атқарып келіп, туған елінде совхоздың бас инженері және «Орал Агро-реммаш» жөндеу зауытында инженер-контролер лауазымдарында еңбек етіп, біраз тәжірибе жинақтады. Бұдан әрі болашақта ғылым жетістіктерін өндіріспен ұштастыру мақсатында сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына ұстаздық қызметке ауысып, Беларусьның Минск қаласындағы ЦНИИМЭСХ-нің аспирантурасында оқыды. Оған мен де куәмін.

1971 жылы Батыс Қазақстан ауыл



шаруашылық институтының «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетінің 1-курсанда оқығанымда факультетте жас қазақ оқытушыларының аз екені байқалды. Солардың ішінде өте пысық, іскер, шашы қалың және бұйра қазақ жігіті көзге түсіп, біздерге қосымша комбайнер дайындау курсына, кейін төртінші және бесінші курстарда «Мал фермаларын механикаландыру» пәнінен сабақтар жүргізді. Есімде сақтағаным, талап қойғыш, өз ісіне өте жауапкершілікпен қарайтын, әділ, жан-жақты ізденістегі маман екені. Аспирантураға түсу үшін «Мал шаруашылығын механикаландыру» бағытындағы мәселелерді зерт-

теп, өзекті кемшіліктерді анықтап, «Дөрекі сабақты жемді ұнтақтау және брикеттеуге» байланысты зерттеулер жүргізді және оған тәжірибелі жоғарғы курс студенттерін тарта білді.

Майдан Кабатаұлының жауапкершілігін, тапсырылған істі тиянақты орындайтындығын, талап қойғыштығын ескере отырып, университетте кафедраларды және факультетті басқару, проректорлық қызметтер ұсынылды және оларды асқан шеберлікпен атқарды.

Майдан Кабатаұлы – өте ізденімпаз, қоғамдағы болып жатқан жаңалықтарды және алдыңғы қатарлы технологияларды оқу процесіне енгізуге көп еңбек сіңірген ұстаз. Әріптес болып бірге жұмыс жасаған кездерімде оған анық көзім жетті. Айталық,

ауыл шаруашылығында тексерілген еңбекті ұйымдастыру бағытындағы «бригадний подряд» технологиясын енгізді. Технологияның негізі принципі – топта үлгермейтін студенттер болмауы керек, оқу озаттары нашар және орташа оқитын білім алушыларға көмектесіп, білім сапасын көтеруі шарт, сабақ қалдырма және тәртіпсіздікке жол бермеу, яғни студенттік өзін-өзі басқару тәсілін енгізу жолға қойылды.

Осы тәсіл бойынша оқыған топ өте жоғары көрсеткіштерге жетіп, институт бойынша жүлделі орынды иеленді. Бұл – бес жыл бойы жетекшілік жасаған Майдан Кабатаұлының іскерлігінің, табандылығының көрінісі.

Ғалым-ұстаз мамандар дайындаудағы, білім беру жүйесіндегі және ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде 90-нан астам



«Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетінде оқытылатын пәндер өте күрделі, математика мен физиканы жақсы білуді және өз ойыңды орыс тілінде толық жеткізуді талап етеді, сондықтан топтағы студенттердің бәрі бірдей оқуда өте жоғары көрсеткіштерге жете алмайды. Оқу жылының соңында институтта білім беру сапасы бойынша факультеттер арасындағы жарыстың қортындысы шығарылады. Жылда біздің факультеттің топтары жүлделі орындардан тыс қалады, себебі «Экономика», «Агрономия» және «Зоотехния» факультеттерінде сабақ оқу оңай, оларда 100 пайыз үлгерімі және орташа бағалары жоғары топтар көп болады. Осы мәселені шешу үшін Майдан Кабатаұлы 1-курстың бір тобын өзіне жетекшілікке алып, оларды оқытуға

еңбек жазып, бірнеше патенттердің авторы атанды, «доцент» ғылыми атағына ие болды. Оның еңбектері жоғары бағаланып, мемлекеттік наградалармен марапатталды.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, Абай ағамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Қазіргі уақытта жастардың бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәннің егетін басты тұлғалардың бірі де осы – ұстаз Майдан Кабатаұлы. Ұстазымызға қажымас қайрат, шығармашылық табыстар және зейінді шәкірттер тілей отырып, мерейтойымен құттықтаймын.

Бекет НУРАЛИН,
әріптес шәкірті, техника
ғылымдарының докторы, профессор



Ұлы жанның ұлылығы

«Бала да дана да бас нер ұстазға...» демекші, құрметті ұстазым Майдан Қабатаұлы хақында жүрекжарды тілегімді, ізгі ойымды білдірмекпін.

Көңіл түкпірінде сан арман, сол хатталған арманымды арманға ұластырып, өмір жолымды дұрыс қалыптастыра алсам, ол да ұстазымның ерен еңбегі, сүбелі үлесі. Үлкен өмірге де, ғылым жолына да жолдама берген – Майдан Қабатаұлы. Сондықтан 80 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған ұстазыма алғыс айтып, басымды иемін!

Әйгілі білім ордасы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұлағатты ұстазы, профессор, ширек ғасыр табанды еңбек етіп, толағай табыстарға жеткен Майдан Қабатаұлының біліммен бірге өзіндік тәжірибесін жаңа буынға ұлықтап, мықты мамандар тәрбиелеуге қосқан үлесі, ерен еңбегі – бір төбе. Бүгінде ұстазымның алдын көрген, тәрбиесін алған шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып, табысты еңбек етуде. Майдан Қабатаұлы –



өз мектебін қалыптастырған аңыз адам.

1971 жылдан бері үздіксіз қызметтер атқарған ұстазымыз – Кеңес одағы кезеңінде, тәуелсіздік жылдарын да еңсеріп, талай белесті абыроймен атқарған үлкен жүректі тұлға. Оның қызметтегі табысы

мен жетістігін ғана емес, басшылығы мен өзіндік жаңашылдығын да көптеп айтуға болады. Білім саласында техникалық білім беру жүйесіне сіңірген орасан игі еңбегімен дараланып, сансыз марапаттар мен мақтауларды, төсбелгілерді иеленген

өз саласының майталманы.

«Ұлы жолдың мұраты ізгілерден басталмақ...» дегендей, мені ғылым жолына баулыған ұстазымның жетекшілігімен кандидаттық диссертациямды сәтті қорғадым. Бүгінгі еңбек жолым ғалым-ұстаздың салып берген сара жолынан, дара ізінен бастау алды. Біз – осындай тұлғалардың ізін жалғайтын, қалыптастырған дәстүрін әрмен қарай жалғайтын орта буынның өкіліміз. Біздің саламыздағы ұлы деп үлгі тұтқан, сыйлап, құрметтеген ұстазымның санаткерлік, тәлімгерлік ұстаханасының алаулы шағы әлі де маздап тұр.

Майдан Қабатаұлы – адамгершілік пен еңбекқорлықтың үлгісі. Сексен деген сырлы санның қожайыны, мерейтой иесі алға қадам басып, әдемі өмір өрнегін салып келеді. Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Көңілдің көкжиегінде қалықтап, түрлі жақсылықтардың бастауы болыңыз, ұлы Ұстаз!

Амангелді СӘРСЕНОВ,
«Техника және инженерлік қорғау»
жоғары мектебінің
доцент м.а., Ph докторы

Сексеннің қиясына өрлеген ұстаз

Өмір өз ағымымен өтіп жатты, жастық шақ көкжиекке еніп, Жалпақталдың құмында жалаң аяқ жүгіріп балалық балдауренмен өткен күндерді елестетеді... Бұл естелік университетіміздің ардагері, өз мектебін қалыптастырған ғалым, әріптестерінің арасында беделді ұстаз Майдан Қабатаұлы Бралиев туралы.

Соғысқа кеткен әкені сағыну, «құлыным, шаршадың ғой, шәйінді іш» деген ананың сағынышты сөздері құлаққа естіліп тұрғандай. Бірге өскен достармен шыбықты ат қылып мініп ойнаған кездері еске түсіп, бір кезек балалық шаққа саяхат жасағандай сезімде тұрды. Балаң жігіт уақыттың жүйріктігін сезбей де қалды, сөйтсе орта мектепті тәмамдауға да уақыт келген екен. Бұл 1961 жыл еді.

Жігіт болып толысқан Майдан Қабатаұлы өзінің балалық күнгі арманына ұмтылды. Соғыстан кейінгі елдің экономикасын көтеруде техниканың алатын орны бөлек болғандықтан, арманын осы мақсатпен ұштастырған бозбала қайткенде де техниканың «тілін» меңгеруге асық болды. Арманы орындалып, сол жылы Ресейдің Саратов қаласындағы М.И.Калинин атындағы ауылшаруашылығын механикаландыру институтына оқуға түсті. Оқып жүріп, Германияның Кеңес әскерлері тобында үш жыл Отан алдындағы борышын өтеді. Ол уақыт та зырлап өте шығып, әскерден оралған соң оқуын жалғастырды. 1969 жылы жоғары оқу орнын тәмамдап, туған жері – Жалпақталға келіп, еңбек жолын бас инженер болып бастады.

Бұйра шашты, қайратты жастың бойындағы тылсым күш оны жігерлендіре түсті. Отбасын құрып, болашаққа деген сенімі нығайған жігіт Орал қаласына келіп, «Орал жөндеу зауытында» бас инженер болып қызмет атқарды.

...«Уақыт неткен жүйріксің» деп қатты ойға кетті қарт ұстаз, сөйтсе 52 жылдай кезең зымырап өте шығыпты. Бұл 1971-2023 жылдар бұрынғы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты, қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қабырғасында өткен еді.

1971 жылы жұмысты Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтындағы «Мал шаруашылығы» кафедрасында ассистенттен бастаған жігерлі жас М.Бралиев 1977-1980 жылдары Беларусь Республикасының Минск қаласында ауылшаруашылығын электрлендіру және механикаландыру

орталық ғылыми-зерттеу институтында (ЦНИИМЭСХ) аспирантураны тәмамдайды. Аспирантураны аяқтағаннан кейін «Мал шаруашылығы» кафедрасында – аға оқытушы лауазымында, ал 1991 жылдан доцент ретінде қызметін жалғастырады. 1993 жылы Қазақстан Республикасының ЖАК шешімімен «доцент» ғылыми атағы (ауылшаруашылығын электрлендіру және механикаландыру мамандығы бойынша) берілген.

Майдан Қабатаұлы 1997 жылы Батыс Қазақстан аграрлық университетінің «Политехникалық» факультетінің жаңадан құрылған «Машиналардың техникалық сервисі» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды және университет кеңесінің шешімімен «Машиналар сенімділігі мен жөндеу» пәні бойынша «профессор» лауазымы берілді.

2000 жылдары Қазақстанның экономикасы қарқынды дами бастады, сол жылдары Батыс Қазақстан өңірінде мұнай, машина жасау салаларына көп көңіл бөлінді, осы салаларға қажетті жоғары білімді мамандарға сұраныс артты. Осы мәселелерді шешу мақсатында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті базасында 2003 жылы «Мұнай және газ» факультеті, ал кейіннен 2005 жылы жаңадан «Машина жасау» факультеті ашылып, соның алғашқы деканы қызметіне М.Бралиев тағайындалды. Жаңадан салынған «Машина жасау» факультетінің ғимаратын жобалауда, оның іргетасын салуда басы-қасында болып, ақыл кеңесін аямады. Қазіргі таңда «Машина жасау» факультетінің түлектері машина жасау, мұнай және газ саласында жақсы жетістіктерге жетіп, еліміздің әртүрлі компанияларында білікті маман болып еңбек етуде.

Майдан Қабатаұлы зейнеткерлік жасқа толған соң, 2006-2009 жылдар аралығында университеттің әкімшілік саласының проректоры, кейін 2010-2017 жылдары «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ғалым-ұстаз 223-тен астам ғылыми еңбектің авторы, оның 10-



ына авторлық куәлік алып, өндіріске енгізу жөнінде ұсыныс алды. «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі болып тұрған кезінде университет басшылығымен келісе отырып, Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университеті, Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университеті, Орынбор мемлекеттік аграрлық университеті және Мәскеу жерге орналастыру университеттерімен шарт жасасып, аталған университеттерге оқытушылар жіберіп, аспирантураға түсуге мүмкіндік жасады. Олардың көпшілігі бүгінде біліктіліктерін жетілдіріп, ғылыми еңбектерін қорғап, қазіргі кезде университетіміздің жоғары мектептерінде білімді және тәжірибелі оқытушылар сапында қызмет атқаруда. Олардың қатарында өзмізді және Сәрсенов Амангелді Естайұлын, Омаров Ақылбек Нұрлыбекұлын, Хайруллина Сабина Ғұмарқызын, Исагулова Баян Елемесқызын атап өткім келеді. Осы жылдар ішінде Майдан Қабатаұлының шәкірттері өз Отанымыздың, жақын және алыс шетелдердің экономикасының өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Майдан Қабатаұлы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымды дамытудағы

қызметі үшін», «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері», «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ардагері» төсбелгілерімен, тағы басқа көптеген Құрмет грамоталарымен және мақтау қағаздарымен марапатталған.

Университетіміздің ардагер ұстазын күш жігері мықты, қатаң талап қоя білетін, өзіндік мектебін қалыптастырған, әріптестерінің арасында беделді, білікті маман, үлкен ғалым ретінде мақтан тұтамыз. Мерейтой иесін сексеннің сенгіріне келген мерейлі жасымен құттықтаймын. Ұстазымызға зор денсаулық, еңбегіне табыс, отбасына береке тілеймін. Ғұмыр жасы ұзақ болып, ғасыр тойын тойлауына тілектеспін.

Өмірдің ағымымен өрледіңіз,
Сексеннің сенгіріне сіз келдіңіз.
Құтты болсын жасыңыз, Майдан аға,
Ұзақ та, бақытты болсын өміріңіз.

90 жас та бақытын алып келсін,
Аспаннан күннің көзі нұрын төксін.
Сауле апамен екеуіңіз қол ұстасып,
100 жаста қартаюға нәсіп етсін!

Қожаберген ОҚАС,
техника ғылымдарының кандидаты
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Ләззат ҚАНАТОВА

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 569
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru